

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 шілдедегі № 768 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 1229 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 шілдедегі № 768 қаулысына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне 2014 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға байланысты жұмыстар жүргізуге Ақмола облысының әкімдігіне аудару үшін 938767990 (тоғыз жүз отыз сегіз миллион жеті жүз алпыс жеті мың тоғыз жүз тоқсан) теңге, оның і ш і н д е : » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов